Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы 8D05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика (6D060700, 8D05101– Биология, 6D061300, 6D070100, 8D05105 – Биотехнология, 8D05104 – Генетика мамандықтар/ білім беру бағдарламаларының тобы) кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңесітің

ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер: 27
2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

Диссертациялық кеңестің мүшелері – 7 адам, олардың ішінде 4 адам диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері және 3 адам докторлық диссертацияның зерттеу тақырыбына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша, 2 ресми рецензент тағайындалды.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі

№	Докторанттардың ТАӘ	Ғылыми жетекшілері	Докторант оқыған, ЖОО
1	Туысқанова Мөлдір Сержанқызы	1. Жүгінісов Қуандық Дәулетбайұлы – Ph.D., Биологиялық қауіпсіздік мәселелері ғылыми-зерттеу институтының микроорганизмдерді жинау зертханасының меңгерушісі (Гвардейский к., Қазақстан); 2. Mehmet Ozaslan – Газиантеп университетінің биология бөлімінің профессоры, (Газиантеп қ., Түркия).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
2	Төреханова Мақпал Меркібекқызы	1 Ақмұханова Нурзия Рахмедиевна – биология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ биотехнология кафедрасының доценті (Алматы к., Қазақстан); 2 Маторин Дмитрий Николаевич – биология ғылымдарының докторы, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің биология факультетінің профессоры (Мәскеу қ., Ресей).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
3	Адырбекова Камила Болатқызы	1.Исбеков Куаныш Байболатович – биология ғылымдарының докторы, профессор, ЖШС «Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының» бас директоры (Алматы қ., Қазақстан); 2. Игнасио Доадрио – доктор, Ұлттық жаратылыстану ғылымдары мұражайының биоалуантүрлілік және эволюциялық биология зерттеу тобының профессоры (Мадрид қ., Испания).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
4	Шоқан Ақшолпан Қанатқызы	1 Кудрина Наталья Олеговна – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК «Генетика және физиология институты» ШЖҚ РМК Фармакологиялық зерттеулер зертханасының жетекші ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан);	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

		2 Толстикова Татьяна Генриховна – биология ғылымдарының докторы, профессор, Ресей ғылым академиясының Сібір бөлімшесі Н.Н. Ворожцов атындағы Новосібір органикалық химия институтының фармакологиялық зерттеулер зертханасының меңгерушісі (Новосібір қ., Ресей).	
5	Байқара Баршагүл Теңізбайқызы	1 Султанов Ахметжан Акиевич – ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің Ғылым департаментінің директоры (Алматы қ., Қазақстан); 2 Arshat Siti Suri – ветеринариялық вирусолог, Путра Университеті Ветеринария факультетінің профессоры (Путра қ., Малайзия)	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
6	Молдағалиева Динара Жексенбіқызы	1 Узаков Ясин Маликович – техника ғылымдарының докторы, профессор Тағам өнімдері технологиясы кафедрасы, Алматы технологиялық университеті (Алматы, Қазақстан); 2 Божена Лозовицка – PhD, профессор, Ұлттық зерттеу институты (Белясток, Польша).	Алматы технология университеті
7	Естемірова Гүлфира Әбдіқайымқызы	1. Есимсиитова Зура Беркутовна – биология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, биология және биотехнология факультеті, биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының профессоры (Алматы қ., Қазақстан) 2. Даниленко Михаил Петрович – PhD, Негевтегі Бен-Гурион атындағы университеті, денсаулық жайлы ғылым факультеті, клиникалық биохимия және фармакология кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Беэр-Шева қ., Израиль).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
8	Сандыбаева Сандугаш Калжанқызы	1.Заядан Болатхан Қазыханулы – биология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Биотехнология кафедрасының профессоры, ҚР ҰҒА академигі (Алматы, Қазақстан); 2.Иржи Копецки (Jiri Kopecky) – PhD, профессор, Чех Республикасының Ғылым Академиясының микробиология институты Балдырлар биотехнологиясы зертханасының аға ғылыми қызметкері (Требон, Чехия).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
9	Тленшиева Аршын Муратқызы	1.Шалахметова Тамара Минажевна – биология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан); 2.Малгорзата Витеска – PhD, профессор Варшава университеті, аквакультура және	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

		биотехнология кафедрасы (Вапшава қ., Польша)	
10	Зорбекова Айгерим Нурлановна	1 Терлецкая Нина Владмировна - биология ғылымдарының кандидаты, профессор, биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасы, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ, Өсімдіктердің экологиялық физиологиясы зертханасының меңгерушісі Генетика және физиология институты (Алматы қ., Қазақстан) 2 Шуйская Елена Викторовна - биология ғылымдарының кандидаты, аға ғылыми қызметкер, К.А. Тимирязева атындағы өсімдіктер физиологиясы институты РҒА (Мәскеу қ., Ресей)	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
11	Гаршин Александр Андреевич	1 Алтынова Назым Калихановна – PhD докторы, Популяциялық генетика зертханасының меңгерушісі, Генетика және физиология институты (Алматы қ., Қазақстан) 2 Деланной Мэтью – PhD докторы, Жануарлар және агроэкожүйелер зертханасының зерттеуші-инженері, Лотарингия университеті (Нанси қ., Франция).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
12	Бараков Ринат Таирович	1 Нуртазин Сабыр Темиргалиевич – биология ғылымдарының докторы, профессор, биоэртүрлілік және биоресурстар кафедрасы, «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ (Алматы қ., Қазақстан) 2 Копориков Александр Ростиславович-биология ғылымдарының кандидаты, аға ғылыми қызметкер, балық экологиясы және су экожүйелерінің биоәртүрлілігі зертханасы, өсімдіктер мен жануарлар экологиясы институты РҒА Орал бөлімшесі (Екатеринбург қ., Ресей).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
13	Пожарский Александр Сергеевич	1 Гриценко Диляра Александровна - PhD докторы, қауымдастырылған профессор, Молекулалы биология зертханасының меңгерушісі, Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институты (Алматы қ., Қазақстан) 2 Календарь Руслан Николаевич - PhD докторы, адъюнкт-профессор Хельсинки университеті (Хельсинки қ., Финляндия).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
14	Кайрат Бакытжан Кайратулы	1.Төлеуханов Сұлтан Төлеуханұлы – биология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті биология және биотехнология факультеті, биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының профессоры (Алматы қ., Қазақстан).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

		2.Зинченко Валерий Петрович – биология ғылымдарының докторы, профессор, РҒА Жасуша биофизикасы институтының жасушаішілік сигнализация зертханасының меңгерушісі (Пущино қ., Ресей).	
15	Алжанулы Бахытжан	1 Шарипов Камалиддин Орынбаевич – биология ғылымдарының докторы, профессор, М.А. Айтхожин атындағы молекулалық биология және биохимия институтының Бас директоры (Алматы қ., Қазақстан) 2 Панжинский Евгений Александрович – PhD, ғылыми қызметкер, қант диабетін зерттеу орталығы, Британдық Колумбия университеті (Ванкувер қ., Канада).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
16	Усманова Айжамал Дусжановна	1.Игнатова Людмила Викторовна – биология ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби ҚазҰУ (Алматы қ., Қазақстан) 2. Егамбердиева Дильфуза Рустамовна – биология ғылымдарының докторы, профессор Лейбниц ауылшаруашылық ландшафттарын зерттеу институты (Германия)	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
17	Шаймерденова Ұлжан Тұрғанбекқызы	1 Ерназарова Алия Кулахметовна – биология ғылымдарының кандидаты, биотехнология кафедрасы, «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» ҚеАҚ (Алматы қ., Қазақстан). 2 Изабела Свецицка (Izabela Święcicka) - профессор, Белосток университетінің микробиология кафедрасының меңгерушісі (Белосток қ., Польша).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
18	Сағымбек Фатима Ғабитқызы	1 Серікбаева Асия Демеухановна – биология ғылымдарының докторы, профессор «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ (Алматы қ., Қазақстан) 2 Әбдіғалиева Толқын Бақытқызы - Ph.D, қауымдастырылған профессор, «Алматы технология университеті» АҚ (Алматы қ., Қазақстан) 3 Serkan Özkaya – Ph.D, қауымдастырылған профессор, Испарта университеті (Испарта қ., Түркия).	Алматы технология университеті
19	Масирбаева Айгерім Дуйсенгалиевна	1 Саданов Аманкелди Курбанович– биология ғылымдарының докторы, профессор «Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС (Алматы қ., Қазақстан) 2 Айнур Гуль Карахан Чакмакчы – PhD, профессор, Сулейман Демирел Университеті (Испарта қ., Түркия).	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
20	Шайзадинова Айша Маратовна	1. Абельденов Сайлау Касенович – PhD докторы, молекулалық биотехнология	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық

		зертханасы, «Ұлттық биотехнология орталығы» ЖШС (Астана, Қазақстан) 2. Сапарбаев Мурат Калиевич – биология ғылымдарының докторы, профессор, ДНҚ репарациясы зертханасы, Гюстав Русси институты (Вильжуиф, Франция)	университеті
21	Елубаева Ақмейір Елубайқызы	1 Саданов Аманкелди Курбанович – биология ғылымдарының докторы, профессор «Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС (Алматы қ., Қазақстан) 2 Джалилов Февзи Сеид-Умерович - биология ғылымдарының докторы, өсімдіктерді қорғау кафедрасының меңгерушісі, К.А. Тимирязев атындағы Ресей мемлекеттік аграрлық университеті (Москва қ., Ресей)	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
22	Кожахметова Маржан Халидоллаевна	1 Акимбеков Нуралы Шардарбекович – PhD, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биотехнология кафедрасы (Алматы қ., Қазақстан) 2. Жа Жиан –профессор, Шэньси ғылым және технология университеті (Синьян қ., Қытай)	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
23	Марат Адель Қанатқызы	1 Акимбеков Нуралы Шардарбекович – PhD доктор, профессор, биотехнология кафедрасы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы қ., Қазақстан) 2 Razzaque Mohammed Shawkat – профессор, Техас университеті (Рио-Гранде, АҚШ)	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
24	Досжанова Ботакоз Нурмаганбетовна	1. Туруспеков Ерлан Кенесбекович – профессор, ҚР ҰҒА академигі, Молекулалық генетика зертханасының меңгерушісі, Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институты (Алматы қ., Қазақстан) 2. Такако Сузуки – PhD, Китами Ауылшаруашылық станциясының директоры, Хоккайдо зерттеу орталығы (Хоккайдо қ., Жапония)	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
25	Смағұл Ғалия Рысбекқызы	1. Синявский Юрий Александрович – биология ғылымдарының докторы, профессор «Қазақ тамақтану академиясы» ЖШС (Алматы қ., Қазақстан) 2. Савенкова Татьяна Валентиновна – техника ғылымдарының докторы, профессор, Г.В. Плеханов атындағы Ресей экономика унивеситеті (Мәскеу қ., Ресей)	Алматы технология университеті
26	Алимова Софиахан Тилешовна	1. Есимсиитова Зура Беркутовна – биология ғылымдарының кандидаты, профессор, зоология, гистология және цитология кафедрасы «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ (Алматы қ., Қазақстан)	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

		2. Бейсенбай Асия – PhD, профессор, Шинжян қазақ медицинасы зерттеу орталығының директоры (Үрімші қ., Қытай)	
27	Бердіқұлов Бекжан Талғатұлы	1. Гаврилов Андрей Эдуардович – биология ғылымдарының кандидаты, орнитология және герпетология зертханасы жанындағы құстарды сақиналау орталығының меңгерушісі, Зоология институты (Алматы қ., Қазақстан) 2. Сонг Ганг – PhD, қауымдастырылған профессор, Зоология институты, Қытай Ғылым Академиясы (Бейжің қ., Қытай)	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Туысқанова Мөлдір Сержанқызы – диссертация COVID-19 коронавирустық инфекциясы вирусының қасиеттерін зерттеуге, оны бөліп алуға, жануарлардың әртүрлі жасуша мәдиниеттеріне SARS-CoV-2 вирусына сезімталдығын зерттеуге, осы инфекцияға қарсы препараттардың тиімділігін бағалау үшін биологиялық моделін жасау мақсатында зертханалық жануарлардың әртүрлі түрлерінде коронавирустық инфекцияның патогенезінің көрінісін анықтау. Сондай-ақ зертханалық жануарларда коронавирустық инфекцияны қоздыруға қабілетті оңтайлы инфекциялау әдісін таңдау және коронавирустық инфекцияға қарсы вакциналардың иммуногенділігін бағалауға арналған.

Төреханова Мақпал Меркібекқызы - диссертациялық жұмыс балық шаруашылығының қалдық суларын микробалдырлар көмегімен тазалау және микробалдырлар биомассасын балықтарға арналған жемдік қоспа ретінде қолдану мүмкіншілігін зерттеуге арналған. Зерттеу барысында микробалдырлардың қалдық сулардағы органикалық және бейорганикалық заттарды ыдырату тиімділігі, суды тазарту деңгейі, сондай-ақ алынған биомассаның биохимиялық құрамы мен қоректік құндылығы анықталды. Сонымен қатар, микробалдырлар биомассасын балықтардың өсімін және денсаулық көрсеткіштерін жақсарту үшін жемдік қоспа ретінде пайдалану мүмкіндіктері бағаланды. Жұмыс нәтижелері балық шаруашылығындағы экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және өндіріс тиімділігін арттыруға бағытталған қолданбалы шешімдерді ұсынады.

Адырбекова Камила Болатқызы - диссертациялық жұмыста Арал-Сырдария бассейніндегі *Luciobarbus* Heckel,1843 қаяздар туысының генетикалық құрылымы зерттелді. Ядролық және митохондриялық ДНҚ маркерлерінің өзгергіштігі негізінде қаяздарға генетикалық талдау жүргізілді.

Шоқан Ақшолпан Қанатқызы – диссертациялық жұмыс *Rumex tianschanicus* Losinsk өсімдігі негізіндегі биологиялық белсенді кешеннің токсикалық-фармакологиялық қасиеттерін зерттеуге арналған. Перспективалы бағыт, әдетте, кең спектрлі фармакологиялық әсерге, төмен уыттылыққа және табиғи шикізатта жоғары қолжетімділікке ие өсімдік тектес қосылыстардың белсенділігін зерттеу болып табылады. Табиғи қосылыстарды пайдалану бастапқы молекулалармен салыстырғанда белсенділігі мен әсер ету бағыты айқынырақ заттарды алуға мүмкіндік береді. Табиғи заттардың дәрілік әсерінің кең спектрі бар әлеуетті көздерінің бірі — Қазақстан Республикасының аумағында өнеркәсіптік қорлары бар Rumex L. тусының өсімдіктері, бұл туыс отандық фармацевтика өнеркәсібінің кәсіпорындары үшін перспективалы өсімдік шикізаты болып табылады. Ал Қазақстанда аталған туысқа жататын өсімдіктің он бір түрі бар, олар дәрілік мақсатта пайдалануға болатын бағалы табиғи ресурстар ретінде маңызды рөл атқарады.

Байқара Баршагүл Теңізбайқызы - жұмыс Қазақстан Республикасы аумағында 2020-2022 жылдар аралығында жабайы және үй құстарының құс тұмауы вирусы

штамдарын анықтау мен бөліп алуға, олардың таралуы мен эволюциясын тану үшін вирусологиялық және молекулалық-биологиялық қасиеттерін зерттеп, филогенетикалық туыстық белгілерін анықтауға арналған.

Молдағалиева Динара Жексенбіқызы – диссертациялық жұмыс пробиотикалық штаммдарды пайдалана отырып, тілапия балықтарынан жартылай фабрикаттарды алудың биотехнологиялық процестерін зерттеу, сонымен қатар қасиеттері бақыланатын және тұтынушылық сапа көрсеткіштері жақсартылған балық өнімдерінің ассортиментін өндіру бойынша техникалық шешімдерді әзірлеуге арналған.

Естемірова Гүлфира Әбдіқайымқызы - Зерттеу жұмысы биоактивті табиғи заттардың жаңа цитотоксикалық және дифференциялаушы комбинацияларының антилейкемиялық белсенділігін in vitro және олардың бензин буының токсикалық әсерінен қорғау потенциалын in vivo жағдайында зерттеуге арналған.

Сандыбаева Сандугаш Калжанқызы - диссертациялық жұмыста биологиялық белсенді қоспаларды алу үшін құнды пигменттердің продуценті бола алатын белсенді цианобактерия штамдарын термалды су көздерінен бөліп алу және зерттеу нәтижелері қарастырылған.

Тленшиева Аршын Муратқызы - Диссертациялық жұмыс әртүрлі балық шаруашылығы суқоймаларынан (Іле өзені мен Қапшағай суқоймасы) ақ амурдың (*Ctenopharyngodon idella*) морфогенезін зерттеуге арналған.

Зорбекова Айгерим Нурлановна - диссертациялық жұмыс абиотикалық стресс факторларының әсерінен жетілмеген *Chenopodium quinoa* Willd. өсімдіктерінің бейімделу механизмдерін зерттеуге арналған.

Гаршин Александр Андреевич - зерттеу жұмысы, ұзақ уақыт бойы пестицидтермен ластанған Алматы облысында тұратын адамдардың генетикалық жағдайын және денсаулығына пестицидтермен ластанудың әсерін зерттеуге арналған.

Бараков Ринат Таирович - диссертацияда Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы үш ірі балық шаруашылықтық суайдынындағы кәдімгі тұқы (Cyprinus carpio Linnaeus, 1758) балығының популяциялық жағдайы туралы зерттеу нәтижелері берілген.

Пожарский Александр Сергеевич - Жұмыс *Oidium neolycpersici* саңырауқұлағы тудыратын ақұнтақты кеселіне төзімділікке қол жеткізу үшін патогенге төзімділік маркерлеріне молекулалық скрининг арқылы таңдалған отандық қызанақ сорттарының геномдық редакциясына арналған.

Кайрат Бакытжан Кайратулы - жұмыс гиппокамп нейрондық желісіндегі қозуды бақылауда тежегіш нейрондардың кальций-өткізуші каинатты және AMPA-рецепторларының рөлін зерттеуге арналған.

Алжанулы Бахытжан - диссертациялық жұмыс CRISPR/Cas9 технологиясын қолдана отырып, эмбрионалды бағаналы жасушаларда инсулин генінің экспрессиясын модуляциялау мүмкіндігін зерттеуге арналған. Жұмыста сонымен қатар генетикалық тұрғыда өзгертілген бағаналы жасушалардың in vitro дифференциациясы жүргізіліп, инсулин шығаратын ұйқы безінің β жасушалары алу жолы сипатталады.

Усманова Айжамал Дусжановна - жұмыс дәрілік өсімдіктердің эндофитті микроорганизмдерінің таралу ерекшеліктерін, өсімдіктер мен микроорганизмдер арасындағы қатынастарды, олардың өсімдіктерге кешенді оңтайлы әсерін зерттеуге және дақылдардың өсуін жақсарту үшін осы микроорганизмдерді қолдану тәсілдерін дамытуға арналған.

Шаймерденова Ұлжан Тұрғанбекқызы - диссертациялық жұмыс Батыс Қазақстан кен орындарының пласт сулары сынамаларындағы микробтық алуантүрлілікті зерттеуге және олардан бөлініп алынған биосурфактант пен биополимер өндіруші микроорганизмдерді іріктеуге арналған. Микроорганизм штамдарының филогенетикалық тиесілігін анықтау мақсатында олардың микробиологиялық (морфологиялық-дақылдық, физиологиялық-биохимиялық) және молекулалық-генетикалық сипаттамалары зерттелді. Биосурфактант және биополимер өндіруші микроорганизмдердің қасиеттерін анықтауға

бағытталған химиялық зерттеулер және белсенді штамдардың мұнай шығуын арттыру тиімділігін зерттеу үшін зертханалық бағалаулар жүргізілді.

Сағымбек Фатима Ғабитқызы - зерттеу жұмысы бие сүті және қымыздан бөлініп алынған сүт қышқылды бактериялар негізінде пробиотикалық қасиетке ие штаммдарды іріктеу және олардың негізінде балық шаруашылығына арналған биологиялық препарат әзірлеу.

Масирбаева Айгерім Дуйсенгалиевна - жұмыс барысында пробиотикалық препаратының белсенді фармацевтикалық субстанциясы жасалды және өндіріс технологиясы әзірленді және пробиотикалық препараттың дайын түрін өндіру технологиясы жүзеге асырылды. Сонымен қатар, клиникаға дейінгі зерттеулер мен клиникалық сынақтардың 1 және 2 кезеңдері жүргізілді.

Шайзадинова Айша Маратовна - диссертациялық жұмыс жаңа бағдарламаланатын РНҚ-бағытталған CRISPR/Cas эндонуклеазалары – MbCas12a және MeCas12a сипаттамасына, сондай-ақ осы ферменттер негізінде молекулалық диагностика әзірлеуге арналған.

Елубаева Ақмейір Елубайқызы - Диссертациялық жұмыс патогенді Erwinia amylovora E22 бактериясынан туындайтын жеміс дақылдарының бактериялық күйігке қарсы биопрепарат жасау. Мониторингтік зерттеулер барысында Қазақстанның бау-бақша ценоздарында осы аурудың таралу аймағы анықталды. Бактериялық күйік қоздырғышына қарсы жоғары антагонистік белсенділігі бар сүт қышқылы бактериясының Lacticaseibacillus paracasei M12 штаммы бөлініп алынды. Осы микроорганизм штаммы өндіретін биологиялық белсенді заттардың компоненттік құрамы анықталды. L. paracasei M12 штаммы негізінде Еліміздің бау бақшаларының экологиялық аймақтарында және әртүрлі сорттарына сынақ жүргізілген «Лактин АС» биопрепараты жасалынды. Оның E. amylovora E22 қоздырғышына қарсы биологиялық тиімділігі 90,7% құрады. «Лактин АС» биопрепараты бактериялық күйік дамуын айтарлықтай төмендетеді және қолданыстағы пестицидтерге балама болып табылады.

Кожахметова Маржан Халидоллаевна - жұмыс Қазақстанның төмен сұрыпты көмірінен әртүрлі ынталандыру әдістерін қолдана отырып биогенді метан өндіруді арттыруға арналған. Жаһандық энергетикалық транзит және экологиялық таза энергия көздеріне сұраныстың артуы жағдайында метанды, оның ішінде оның биогендік түзілуін ынталандыру әдістерін дамытуға ерекше назар аударылуда. Бұл процесс көмірдің органикалық қосылыстарын ыдыратып метан түзуге қабілетті метаногендік микроорганизмдердің белсенділігіне негізделген.

Марат Адель Қанатқызы - ғылыми зерттеу жұмысы егін шаруашылығында маңызды органоминералды топырақ қоспасын әзірлеу және оның картоп өсімдігінің өсуі мен өнімділігіне қолдану мүмкіндігін анықтауға арналған. Жұмыста көмірдің ұшпа күлі мен гумин қышқылы негізіндегі композитті қоспаның физико-химиялық қасиеттері, сондай-ақ оның ризобактериялармен бірге топырақтың механикалық құрылымына, химиялық параметріне және микробиологиялық белсенділігіне әсері зерттелді. Зерттеу барысында топырақ құнарлығын арттыру үшін композитті қолданудың тиімділігі анықталып, оның картоп дақылының өсуіне, дамуына және сапа көрсеткіштеріне әсері бағаланды. Зерттеу нәтижелері топырақтың сапасын оңтайландыруға және егін шаруашылығының өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін органоминералды топырақ қоспаларын әзірлеу және ауыл шаруашылығы тәжірибесіне енгізу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Досжанова Ботакоз Нурмаганбетовна - зерттеу жұмысында Алматы облысында өсірілген соя коллекциясына жүргізілген ассоциацияларға толық геномдық талдау (АТГТ) және сояның өнімділігі мен сапасын айқындайтын белгілермен байланысты маркер-белгі ассоциациялары (marker-trait associations, МТА) мен бәсекелес аллель-спецификалық ПТР (Kompetitive Allele-Specific PCR, KASP) типті ДНҚ-маркерлерін анықтау жүргізілді.

Смағұл Ғалия Рысбекқызы – диссертациялық жұмыс диеталық профилактикалық қасиеттері бар бие сүтіне негізделген мамандандырылған шоколадтың жаңа түрлерін жасаудың биотехнологиялық тәсілдерін әзірлеуге арналған.

Алимова Софиахан Тилешовна - диссертациялық жұмыс Тянь-Шань таулы аймақтарындағы Frangula alnus Mill. өсімдігінің биологиялық ерекшеліктері, морфологиялық және анатомиялық құрылысы, фитохимиялық құрамы мен фармакологиялық қасиеттерін зерттеуге арналған.

Бердіқұлов Бекжан Талғатұлы - диссертациялық жұмыс Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда көгершінтәрізді құстардың биологиясын жан-жақты зерттеуден тұрады. Зерттеу нысаны ретінде Columbiformes отрядының түрлік құрамы, таралуы, ұялау биологиясы, маусымдық қоныс аударуы, морфометриялық көрсеткіштері мен популяциялардың жай-күйі қарастырылды. Жұмыс 2020-2024 жж. аралығында жүргізілген далалық бақылаулар мен GSM/GPS трекинг деректеріне, сондай-ақ 1966–2023 жж. аралығындағы ұзақ мерзімді сақиналау және санақ материалдарына негізделген.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

М.С. Туысқановаңың диссертациялық жұмысы «COVID-19 коронавирустық инфекциясына қарсы вакцинаны әзірлеу» (ИРН №64356/PTsF-MOH-PK-OT-20) тақырыбы бойынша 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми-техникалық бағдарлама аясындағы бағдарламалық-мақсатты қаржыландырумен орындалды.

М.М. Төреханованың диссертациялық жұмысы "Микробалдврлардың белсенді штаммдары негізінде биодизель өндірісінің технологиясын жасау" атты 2020-2022 жылдарға арнаған гранттық қаржыландыру жобасы аясында орындалған.

К.Б. Адырбекованың диссертациялық жұмысы BR10264236 «Инновациялық технологиялар мен жаңа балық өсіру нысандарын әзірлеу және енгізу арқылы Қазақстанда аквакультураны кешенді дамытуды ғылыми-технологиялық қолдау» (2021-2023 ж.) ғылыми-техникалық бағдарламасы аясында гранттық қаржыландыру жобасы аясында орындалған.

А.Қ. Шоқанның диссертациялық жұмысы №OP11465435 « Организмдерді мутагендік әсерлерден қорғау, табиғи ресурстардың өнімділігін арттыру және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін жаңа геномдық технологияларды әзірлеу және пайдалану» ҚР ҒЖБМ 2020-2022 жылдарға арнаған гранттық қаржыландыру жобасы аясында орындалған.

Б.Т. Байқараның диссертациялық жұмысы Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринарлық институтының вирусология зертханасында ҚР АШМ БМҚ BR10764899-OT-22 «Жоғары зардапты құс тұмауы бойынша ел аумағындағы эпизотиялық сипаттамасын зерттеу және олардың тиімділігін арттыру бойынша ветеринарлық-сантитарлық шараларды жасап шығару» және BR10764975-OT-22 «Құс тұмауын дифференциальды анықтауға арналған тест-жүйені өндіріске жасап шығару және ұсыну» жобаларының аясында, және де Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығының вирустар экологиясы зертханасының AP19678255 «Қазақстанда құстар мен сүтқоректілер арасында таралған А типті құс тұмауының табиғи түрлерінің эпидемиялық әлеуетін зерттеу» ғылыми жобалар шеңберінде орындалды.

Д.Ж. Молдағалиеваның диссертациялық жұмысы № 236-16-ГК « Халықаралық стандарттарға сәйкес жергілікті экологиялық таза жем негізінде өсірілген балықтан (тилапия, африкалық мөлдір балық және т.б.) органикалық өнім өндіру» Ғылым қоры коммерцияландыру жобасы аясында орындалды (2016-2019 жж).

Г.Ә. Естемірованың диссертациялық жұмысы жеке зерттеу тақырыбы бойынша орындалған.

С.Қ. Сандыбаеваның диссертациялық жұмысы AP14870171 «Фототрофты микроорганизмдердің биологиялық белсенді заттарының негізінде жаңа отандық биопрепараттар жасау» (2022-2024 жж.) жобасының шеңберінде орындалған.

А.М. Тленшиеваның диссертациялық жұмысы ҚР ЖБҒМ ҒК AP14869740 «Іле өзені мен Қапшағай суқоймасының суы мен су шөгінділеріне биотестілеу және зерттелетін экожүйелердің биоәртүрлілігі үшін экологиялық қауіпті болжау» (2022-2024 жж) жобасы аясында орындалды.

А.Н. Зорбекованың диссертациялық жұмысы жеке зерттеу тақырыбы бойынша орындалған.

А.А. Гаршинның диссертациялық жұмысы BR05236379 "Алматы облысындағы пайдаланылмаған және қолдануға тыйым салынған пестицидтердің генетикалық статусын және тұрғындар денсаулығына әсерін кешенді бағалау" және AP09260631 "Пестицидтік ластануға ұзақ уақыт ұшыраған адамдардың антиоксиданттық қорғаныс және иммундық жауап гендерінің полиморфизмін зерттеу" жобалары аясында орындалды.

Р.Т. Бараковтың диссертациялық жұмысы BR21882122 «Жасыл даму контекстінде Батыс Қазақстан өңірінің табиғи-шаруашылық және әлеуметтік-экономикалық жүйелерінің тұрақты дамуы: кешенді талдау, тұжырымдама, болжамдық бағалау және сценарийлер» Ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыру шеңберінде материалдарды тарта отырып орындалды.

А.С. Пожарскийдің диссертациялық жұмысы BR18574149 бағдарламасының «Инновациялық биотехнологиялар негізінде ауыл шаруашылығы дақылдарының жоғары өнімді сорттары мен желілерін жасау» тақырыбындағы «Биотикалық және абиотикалық стреске төзімді перспективалы қызанақ сорттарын геномдық редакциялау арқылы жоғары өнімді желілерді алу» жобасы аясында орындалды.

Б.Қ. Қайраттың диссертациялық жұмысы іргелі зерттеулерге арналған ғылыми жобалар шеңберінде орындалды: AP05133528 «Гиперқозу кезінде мидың нейрондарының спонтанды синхронды белсенділігінің ритмогенезі мен реттелуі» (№ 0115РК00284) (2018-2020 жж.), AP19678607 «Гиперқозу кезінде нейрондардың ырғақтарын басқарудағы кальций-тәуелді механизмдері» (№ 0123РК00430) (2023-2025 жж.).

Б.Алжанұлының диссертациялық жұмысы ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру конкурсы шеңберінде «МикроРНҚ негізінде диабеттік ретинопатияны диагностикалау және болжау үшін жаңа әрі аз инвазивті биомаркерді сәйкестендіру" AP08857430 гранттық жобасы қаражаты есебінен жүзеге асты. Сонымен қатар, сипатталған зерттеулердің бір бөлігі Британдық Колумбия университетінің қант диабетін зерттеу орталығында (Ванкувер қаласы, Канада) жүргізілді. Орталықтағы зерттеу балалар диабетін зерттеу қорының гранттық қаржыландыруы (Juvenile Diabetes Research Foundation - JDRF, қазіргі уақытта - Breakthrough T1D) аясында жасалды.

А.Д.Усмановаңың диссертациялық жұмысы AP19679444 "Агродақылдардың өсуін ынталандыру үшін тиімді микроорганизмдері бар полимерлі матрица негізінде ұзақ әсер ететін биологиялық препаратты жасау" ғылыми жобасы шеңберінде орындалды.

Ұ.Т. Шаймерденованың диссертациялық жұмысы AP19577160 «Биосурфактанттарды өндіретін микроорганизмдерді және олардың мұнайды шығуын жоғарылату үшін қолданылуын зерттеу» №0123РК00131 (2023-2025 жж.) жоба аясында орындалды.

Ф.Ғ. Сағымбектің диссертациялық жұмысы жеке зерттеу тақырыбы бойынша орындалған.

А.Д. Масирбаеваның диссертациялық жұмысы AP14870162 «Адамның ішек инфекцияларына қарсы кең спектрлі отандық «АС-Пробионорм» пробиотикалық дәрілік препаратын клиникалық сынақтардан жүргізу» (2022-2024 жж.) тақырыбындағы ғылыми жоба аясында орындалды.

А.М. Шайзадинованың диссертациялық жұмыстың нәтижелері AP09259771 «Диагностикада қолдануға арналған жаңа бағдарламаланатын РНҚ-бағытталған CRISPR/Cas эндонуклеазаларын сипаттау», BR10764944 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін

бақылау мен мониторинг жүргізудің аналитикалық әдістерін әзірлеу», AP19579275 «CRISPR/Cas12a әдісі негізінде ауылшаруашылық дақылдарының қоздырғыштарының заманауи молекулалық диагностикасын жасау» ғылыми жобалар аясында орындалған.

А.Е. Елубаеваның диссертациялық жұмысы BR18574022 «Жеміс-жидек дақылдарының бактериялық күйік қоздырғышына қарсы микробтық препараттар» нысаналы бағдарламалық қаржыландыру жобасы аясында орындалған.

М.Х. Кожахметованың диссертациялық жұмысы ИРН AP09057876 «Қазақстандық төмен сұрыпты көмірлердің биогенді метанға түрлендіру әлеуетін зерттеу» жобасының аясында орындалды.

А.Қ. Мараттың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті (AP13268305) және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі қаржыландырған BR10764907 жобалар аясында орындалған.

Б.Н. Досжанованың диссертациялық жұмысы ҚР ҒжЖБМ гранттық қаржыландыру жобалары аясында орындалды: AP05131592 «Қазақстандағы саңырауқұлақ ауруларына соя төзімділігінің ассоциациялар толық геномдық талдау», AP13068118 «Әлемдік коллекцияның толық геномын ресеквенирлеу негізінде сояның (*Glycine max* (L.) Merr.) шаруашылық маңызы бар белгілерімен байланысқан гендерді іздеу» (2022-2024 жж.) және ғылыми-техникалық бағдарлама BR24992903 «Экономикалық маңызы бар ауыл шаруашылығы дақылдарын іріктеуге қазіргі заманғы молекулалық-генетикалық, физиологиялық-биохимиялық, биотехнологиялық әдістер мен цифрлық фенотиптеуді практикалық енгізу» (2024-2026жж.).

Ғ.Р. Смағұлдың диссертациялық жұмысы 0313-17-ГК "Бие сүті негізінде арнайы диеталық тағамға арналған шоколадты өнеркәсіптік өндіру" ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтерінің нәтижелерін гранттық қаржыландыру және AP22686182 «Салауатты тамақтану үшін биологиялық белсенді ингредиенттер кешенімен байытылған, ешкі мен түйе сүті негізіндегі шоколадтың жаңа түрінің технологиясын әзірлеу» Жас ғалым ғылыми жоба аясында орындалған.

С.Т. Алимованың диссертациялық жұмысы диссертанттың және ғылыми жетекшілердің жеке орындаған жұмысы болып табылады.

Б.Т. Бердіқұловтың диссертациялық жұмысы ҚР ҒЖБМ ҒК Зоология институтының ғылыми жобалары аясында толықтай диссертанттың өзі орындаған: AP09260933 «Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда миграциялайтын құстар мен олардың тасымалдайтын вирустық инфекцияларын мониторинг жасау» (2021-2023 жж.); BR21882199 «Балқаш-Алакөл бассейнінің құрғақшылық аумақтарындағы жабайы жануарлардың кадастры, оларды сақтау және тұрақты пайдалану үшін қауіп-қатерлерді бағалау» (2023-2025 жж.). жобалары аясында орындалған.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

М.С. Туысқанованың диссертациялық жұмысының теориялық және практикалық маңыздылығы SARS-CoV-2 вирусының әртүрлі жануарлар түрлеріндегі патогенділігін COVID-19 патогенезін бағалау арқылы зерттеу және осы ауруға қарсы биологиялық, вирусқа қарсы препараттардың тиімділігін бағалаудың биологиялық моделін жасау болып табылады.

М.М. Төреханованың диссертациялық жұмысым Әр түрлі органикалық заттармен ластанған балық шаруашылығының қалдық суларын тазалау мақсатында *Chlorella vulgaris* SP BB-2 микробалдыры жоғары тазалау мүмкіндігіне ие дақыл ретінде іріктелініп алынды. *Chlorella vulgaris* SP BB-2 микробалдыры негізіндегі биологиялық қоспаның тиляпия *(Oreochromis niloticus)* балықтарына жемдік қоспа ретінде қосу мөлшері таңдалды. *Chlorella vulgaris* SP BB-2 микробалдыры негізіндегі биологиялық қоспаның тиляпия (*Oreochromis niloticus*) балығына жемдік қоспа ретінде қолданудың экономикалық тиімділігі анықталды. Зерттеу нәтижелері бойынша «Биомасса алу және сарқынды суларды

органо-минералды ластанулардан тазарту үшін перспективті *Chlorella vulgaris* SP BB-2 микробалдыр штаммы» өнертабысқа патент алынды. Патент №35781 2021/0211.1.

К.Б. Адырбекованың зерттеуі нәтижесінде алынған нәтижелерді қаяздарды сақтау және қалпына келтірудің тиімді, ғылыми негізделген жоспарларын жасауға және қызметі балық ресурстарын қорғауға, өсімін молайтуға және тиімді пайдалануға бағытталған табиғатты қорғау, балық шаруашылығы және басқа да ұйымдар пайдалана алады. Алынған мәліметтер, әсіресе, қаяздарды реинтродукциялауды, популяцияның генетикалық құрылымын есепке алуды, түрлердің генофондтарының деградациясын және келешекте сыни жойылуын болдырмауды талап ететін түрді жасанды өсіруді жоспарлау кезінде маңызды. Арал қаязы *L. brachycephalus* толықтырушы аналық үйірлеріне жүргізілген генетикалық паспорттау су қоймаларын балықпен көбейту кезінде өміршең балық тұқымдық материалын өсіру үшін өндірушілерді мақсатты түрде қалыптастыру және оларды жасанды көбейтуде одан әрі пайдалану үшін қажет. Генофондты сақтау және аквакультураны дамыту үшін әртүрлі, жан-жақты молекулалық-генетикалық зерттеулер қажет және оларды Арал-Сырдария бассейніндегі балық өсіру зауыттарында қолдану қажеттілігін дәлелдейді.

А.Қ. Шоқанның диссертацияда келтірілген зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасында өндірілетін табиғи флавоноидтар мен антрахинондардың фармакологиялық белсенді ассортиментін кеңейту перспективасын ашуға мүмкіндік береді. Бұл жаңа экспортқа бағытталған фармацевтикалық нарықты отандық өндіріске енгізуге мүмкіндік береді, сонымен қатар қабыну процестерін және асқазан-ішек жолдарының шырышты қабатын зақымдануларды емдеуге арналған импортты алмастыратын дәрілердің әсер ету спектрін кеңейтеді.

Б.Т. Байқараның зерттеу нәтижесі бойынша геномы толық секвенирленген A/Chicken/North Kazakhstan/184/2020 (H5N8), A/Mute swan/Mangystau/9421/2022 (H5N1), A/Caspian tern/Atyrau/9184/2022 (H5N1) және A/Chicken/Almaty/220/2020 (H9N2) изоляттарын Қазақстанда және көршілес елдерде тіркелген штамдармен салыстыра отырып, тұмаудың А вирусының таралу жолдарын болжанды. Қазақстанда алғаш рет үй құсынан тұмаудың H9N2 типтармағы бөліп алынып, оның геномы толық секвенирленді және сүтқоректілерге жұғуын арттыратын молекулалық маркерлері анықталды. Диссертацияның негізгі нәтижелері бойынша пайдалы модельге №7497 мен №8586 патенттері алынды және жоғары зардапты құс тұмауы вирусының ену қаупі мен таралуына арналған әдістемелік нұсқаулық басып шығарылды

Д.Ж. Молдағалиеваның диссертацялық жұмысының тәжірибелік деңгейде зерттеу нәтижелері Қазақстандағы акваөсіру тәжірибесін жетілдіруге, оның ішінде органикалық балық өнімдері саласындағы әзірлемелерді коммерцияландыруға негіз болады. Тилапия өндірісінде пробиотиктер мен экологиялық таза жемдерді қолдану арқылы инновациялық биотехнологиялық тәсілдерді қолдану өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін арттыруға көмектеседі. Бұл өз кезегінде балық өндірісінің экономикалық пайдасын айтарлықтай арттыруға, саланың тұрақты өсуін қамтамасыз етуге және Қазақстаннан халықаралық нарықтарға органикалық өнімдердің экспорттық әлеуетін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Г.Ә. Естемірованың диссертациялық жұмысы практикалық тұрғыдан алғанда, зерттеудің нәтижелері бензин буының зиянды әсерін азайтуға бағытталған профилактикалық шаралар мен терапиялық тәсілдерді дайындау үшін пайдаланылуы мүмкін. Алынған эксперименттік нәтижелер, әсіресе, бензин буының әсеріне ұшырау қаупі жоғары адамдарға, мысалы, мұнай өңдеу зауыттары мен жанармай құю станцияларының қызметкерлері үшін маңызды.

С.Қ. Сандыбаеваның диссертациялық жұмыстың нәтижелері Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, биотехнология кафедрасының бакалавр бойынша оқу бағдарламасына қосымша материал ретінде енгізуге ұсынылды. Бөлініп алынған цианобактерияларының штамдары биотехнологиялық мәселелерді шешуде қолдану үшін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің фототрофты микроорганизмдер коллекциясына енгізілді. Барлық зерттелген цианобактерия

штамдары "QazBioPharm" ұлттық холдингінің жанындағы «Республикалық микроорганизмдер коллекциясы» ЖШС-де 2023 жылғы 19 қазаннан РКМ1063, РКМ1060, РКМ1061 және РКМ1062 нөмірлері бойынша депонирленді. Сонымен қатар, 2024 жылғы 27 қыркүйекте № 9607 «*Oscillatoria subbrevis* CZS 2201 цианобактерия штамы гликозилденген каротиноид – миксоксантофилл алу үшін шикізат ретінде» пайдалы модельге патент алынды.

А.М. Тленшиеваның диссертациялық жұмысының нәтижелері әл- Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының «5В095102–Биология» мамандығы бойынша 2-курс бакалавриатының «Жасуша биологиясы және гистологиясы» курсы бойынша оқу үдерісіне енгізілді. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері өндірістік қызметтің қоршаған ортаға және адам денсаулығына әсері бойынша бағытталған балық шаруашылығы суқоймаларын игеруде, сонымен қатар балық өндірісінің экономикасында пайдаланылуы мүмкін.

А.Н. Зорбекованың диссертациялық жұмысының нәтижелері квиноаны қолайсыз жағдайлардан қорғау механизмдерін түсіну үшін де, құнды биологиялық белсенді заттардың мақсатты синтезіне тәсілдер үшін де пайдаланылуы мүмкін. Өсімдіктің дамуын ынталандыратын эустрессті де, жас квиноа өсімдіктерінің өлуіне әкелетін күйзелісті де тудыратын абиотикалық факторлардың деңгейі анықталғандығында, елдің маргиналды ауылшаруашылық аймақтары үшін осы дақылды егіншілікке енгізу мүмкіндіктерін анықтауда маңызды.

А.А. Гаршинның диссертациялық жұмысы Зерттеу нәтижелері пестицидтермен ластануының потенциалды медициналық және генетикалық тәуекелдерін егжей-тегжейлі талдау әдістемесін ұсынады, мұнда адамның жеке физиологиялық және өмірлік ерекшеліктері, мысалы, жас, жыныс, салмақ, темекі шегу, алкоголь ішу және т.б. ескеріледі. Зерттеу нәтижелері әр түрлі ластаушы заттардың қаупін бағалау үшін бар әдістемені жетілдіруге көмектеседі, бұл ретте адамның жеке ерекшеліктерінің кең спектрін, денсаулыққа токсиканттардың және адамның генетикалық статусы үшін қауіптілігін бағалау мүмкіндігін және халықтың ең осал топтарын анықтау мүмкіндігі ескеріледі.

Р.Т. Бараковтың диссертациялық жұмысының алынған нәтижелері популяциялар санының динамикасындағы заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді, олар тексерілген болжамдық үлгілерді (популяциялар бойынша немесе жалпы ихтиофауна үшін) құруға, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді популяциялық болжамдарды дайындауға және балық аулауды реттеудің ең тиімді шараларын әзірлеуге ықпал етуі тиіс.

А.С. Пожарскийдің диссертациялық жұмысы ік сорттармен салыстырмалы түрде алғаш рет сипатталды. Жергілікті қызанақ сорттары геномды өңдеу арқылы инфекциялық ауруларға төзімділікті арттыру үшін бастапқы объект ретінде алғаш рет пайдаланылды. Гүлді өсімдіктердің қолжетімді геномдарындағы MLO топтық ақуыз гендерінің гомологиялық байланыстары анықталды және осы топ гендерін геномдық өңдеудің түрлі өсімдіктер топтарында төзімділікке қол жеткізуге ықтимал әсері болжанды. Қызанақтың перспективалы сорттарын геномдық өңдеу ақүнтақ кеселіне төзімділігі жоғары өсімдік формаларын жасауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеулер нәтижесінде трансгендік тізбектерден таза өсімдіктер алуға болады. Жұмыс ӨББИ және Қазақстан Республикасының басқа да ғылыми-зерттеу ұйымдарында өсімдіктер геномын өңдеу саласындағы болашақ зерттеулерге негіз болады.

Б.Қ. Қайраттың диссертациялық жұмысының алынған нәтижелері нейрондық желідегі гиперқозумен байланысты әртүрлі нейродегенеративті бұзылыстарды емдеудің жаңа фармакотерапиялық стратегияларын әзірлеуде қолданылуы мүмкін. Аталған нейрондар популяциясын селективті түрде активтендірудің нейропротекторлық әсері гиперқозумен жүретін эпилепсия, ишемия және басқа да ауруларды емдеуге арналған тиімді жаңа тәсілдерді әзірлеуге негіз бола алады. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері «051 – Биология және сабақтас ғылымдар» даярлау бағыты бойынша «Биология», «Биофизика», «Биомедицина» және «Нейроғылым» білім беру бағдарламаларына арналған арнайы курстарды оқыту барысында пайдаланылуы мүмкін.

Б. Алжанұлының диссертациялық жұмысы практикалық тұрғыдан алғанда, жүргізілген зерттеу геномдық өңдеу технологиясына сүйене отырып I типті қант диабеті үшін жасушалық терапияның ықтимал жаңа әдісін қолдану мүмкіндігін көрсетті. Аталған ауру осы уақытқа дейін әлі күнге дейін емдеу әдісі жоқ саналатын аурулардың бірі болып табылады. Науқастардың өмірін сақтап қалу үшін қол жетімді жалғыз терапия саналатын экзогендік инсулин қабылдау ұзақ мерзімді асқынуларға әкеледі. Осы орайда зерттеу барысында алынған нәтижелер ғылымның осы бағытындағы жаңа білім ретінде қызмет атқаратын болады.

А.Д.Усмановаңың диссертациялық жұмысының практикалық маңыздылығы зерттеу жүргізу үшін құнды биологиялық ресурс болып табылатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы тиімді эндофит штамдарының кең жинағын құрумен байланысты. Бұл штамдарды биологиялық препараттардың құрамында пайдалану ауыл шаруашылығын дамыту және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жекелеген және кешенді міндеттерді шешу барысында жоғары маңызға ие. Зерттеу барысында 2 штамға (*Pseudomonas flavescens* D5 және *Bacillus aerophilus* A2) өнертабысқа патент № 37123 және ҚР пайдалы моделіне патент № 9024 алынды. Анықталған бірқатар бақылаулар мен заңдылықтарды микроорганизмдерге негізделген биологиялық препараттарды жасау үшін практикалық ұсыныстар ретінде пайдалануға болады. Эндофиттер мен олардың метаболиттері негізінде жасалған композициялар агродақылдардың өсуін жақсарту үшін, соның ішінде тұздану және фитопатогеннің әсері жағдайында пайдаланылуы мүмкін.

Ұ.Т. Шаймерденованың диссертациялық жұмысы нәтижесінде Халықаралық GenBank дерекқорына тіркелген келесі биосурфактант өндіруші штамдар бөлініп алынып, идентификацияланды: *Bacillus safensis subsp. safensis* A2 (OP565012), *Bacillus subtilis* A8 (OP565013), *Bacillus subtilis* A9 (OP565014), *Bacillus subtilis subsp. subtilis* A12 (OP565015), *Bacillus paralicheniformis* R4 (OP565016) және *Bacillus licheniformis* PW2 (OP565017). Барлық микроорганизм штамдары «Республикалық микроорганизмдер коллекциясы» ЖШС-да (РМК) келесі тіркеу нөмірлерімен депозиттелді: №B-RKM 1109 *Bacillus safensis subsp. safensis* A2, №B-RKM 1110 *Bacillus subtilis* A8, №B-RKM 1111 *Bacillus subtilis* A9, №B-RKM 1112 *Bacillus paralicheniformis* R4, №B-RKM 1113 *Bacillus subtilis subsp. subtilis* A12, №B-RKM 1114 *Bacillus licheniformis* PW2 (29.12.2023 ж. күнімен). Модельдік мұнай шығаруды арттыру тәжірибелері барысында *B. subtilis* A9 штамын қолдану мұнай шығару коэффициентін 23,2 ± 2,5% деңгейінде көрсететіні, ал *B. subtilis* A8 : *B. subtilis* A9 ассоциациясын қолдану 24,4 ± 3,1% көрсеткішіне жететіні анықталды. Бұл бақылау үлгілерімен салыстырғанда (мұнай шығару 4%-дан аспады) сәйкесінше 19,2 және 20,4 пайыз жоғары нәтижені көрсетті. 2024 жылғы 2 ақпанда *Bacillus subtilis* A9 штамына қатысты №9060 «Қабаттан мұнай бергіштікті микробиологиялық арттыру үшін қолданылатын биосурфактант өндіруші *Bacillus subtilis* A9 штамы» атты пайдалы модельге ҚР патенті алынды.

Ф.Ғ. Сағымбектің диссертациялық жұмысы нәтижесінде қымыздан *Lactobacillus paracasei* жаңа штамы бөлініп, заманауи молекулярлық әдістермен идентификацияланды. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде штамға паспорт алынып, № 09112–71 сәйкестендіру номері бойынша «Микроорганизмдердің республикалық коллекциясы» орталық мұражайында сақтауға берілді. №7343 сәйкестендіру номері бойынша «Ауыл шаруашылығы жануарларының, құстардың және балықтардың асқазан–ішек ауруларының алдын алуға және емдеуге арналған пробиотикалық препаратты алу үшін пайдалнылатын *Lactobacillus paracasei* – 010K сүт қышқылы бактерияларының штамы» пайдалы модельге патент алынды. №36625 сәйкестендіру номері бойынша «Балықтың өсуін ынталандыруға, ауруларын алдын алуға және емдеуге арналған пробиотикалық препарат» өнертабысқа патент алынды.

А.Д. Масирбаеваның диссертациялық жұмысының нәтижесі адамның ішек инфекцияларын емдеудің тиімділігін арттыру үшін жаңа отандық «АС-Пробионорм» дәрілік препаратының өндіру технологиясы әзірленді. Клиникаға дейінгі және клиникалық

зерттеулер жүргізе отырып әзірленген технология, өндірісті одан әрі ұйымдастыру Қазақстанның ішкі фармацевтикалық нарығын дамытуға ықпал ететін болады. Бұл препараттың өндірісі Қазақстанда пайдалану үшін, сондай-ақ басқа елдерге экспорттау үшін ұйымдастырылуы мүмкін.

А.М. Шайзадинованың диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы патогендер мен инфекциялық ауруларды сенімді анықтауға қабілетті жоғары тиімді және дәл диагностикалық платформалар құруда, бұл клиникалық практикада және далалық жағдайларда ерте диагностика мен емдеу әдістерін айтарлықтай жақсартуға ықпал етеді.

А.Е. Елубаеваның диссертациялық жұмысы нәтижесінде алынған «Лактин АС» биопрепараты өсімдіктерді қорғауда химиялық заттарға өте жақсы балама болып табылады. Оның құрамында биологиялық белсенді метаболиттері бар және адамдар үшін мүлдем қауіпсіз. Бұл препараттың бірқатар артықшылықтары бар: Биопрепарат адамдар мен жануарлар үшін улы емес, бұл оны үй шаруашылығында және бау-бақша шаруашылығында қолдануға қауіпсіз етеді. «Лактин АС» биопрепаратымен жұмыс ерітіндісін дайындау арнайы дағдыларды қажет етпейді және тіпті тәжірибесіз бағбандарға да қол жетімді. Сонымен қатар, ерітіндіні дайындауға арналған биопрепаратты тұтыну химиялық препараттармен салыстырғанда айтарлықтай аз. «Лактин АС» биопрепараты бактериялық күйікке қарсы 90,7% тиімді. Бүркуден кейін жеміс дақылдары патоген қоздырғышына қарсы иммунитетке ие болады, бұл олардың ұзақ мерзімге қорғанысын қамтамасыз етеді. Бұл сипаттамалар «Лактин АС» биопрепаратын тиімді етеді. Биопрепаратты пайдалану адам денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіп төндірмей, жеміс дақылдарын осы қауіпті аурудан қорғауға мүмкіндік береді.

М.Х. Кожахметованың диссертациялық жұмысы төмен сортты көмірден биогенді метан түзілуін ынталандырудың практикалық маңызы энергия тиімділігін арттыруға негізделген. Көмірді микробиологиялық түрлендіру - баламалы газ көздерін дамытудың және оны өндірудің перспективалық бағыты болуы мүмкін. Оған қоса төмен сортты көмірдің үлкен қоры бар аймақтарында микробиологиялық газдандыруды ұйымдастыру жаңа жұмыс орындарын құруға және аймақ экономикасын жақсартуға мүмкіндік береді.

А.Қ. Мараттың жүргізілген зерттеуі көмірдің ұшпа күлі, гумин қышқылы және ризобактериялар негізіндегі композиттік қоспаның топырақтың агрохимиялық қасиеттерін арттырудағы рөлін ғылыми тұрғыдан негіздеді. Алынған мәліметтер өңделген топырақтың физико-химиялық және микробиологиялық қасиеттерінің өзгерісін сипаттай отырып, органоминералды топырақ қоспасының әсер ету механизмін теориялық жағынан толықтырды. Бұл мәліметтер топырақтың эколого-экономикалық аспектілері мен ауыл шаруашылығы биотехнологиясын дамыту саласы үшін маңызды. Практикалық тұрғыдан алғанда көмір өндірісіндегі қалдықтарды ауыл шаруашылығында экологиялық тұрғыдан қауіпсіз, арзан және тиімді топырақ қоспасын дайындау үшін қолданылу мүмкіндіктері айқындалды.

Б.Н. Досжанованың диссертациялық жұмысы бойынша анықталған маңызды әрі тұрақты ассоциациялар негізінде шаруашылық-құнды белгілермен байланысты тиімді гаплотиптер анықталды. Бұл ассоциациялар соя тұқымының сапасы мен ауыл шаруашылық дақылдарының жалпы өнімділігін арттыруға бағытталған селекцияда құнды құрал — ақпараттық мәні жоғары жаңа KASP-маркерлерін әзірлеуге негіз бола алады. «KASP маркерлерінің жиынтығын пайдалана отырып, асыл тұқымды соя дақылдарын (*Glycine max* (L.) Merr.) анықтау тәсілі» атты пайдалы модельге арналған №9289 патент әзірленіп, тіркелді. Бұл әдіс селекцияны жалғастыру үшін құнды линияларды тиімді іріктеуге мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер Қазақстандағы сояның қалаулы белгілерін жақсартуға бағытталған селекциялық бағдарламаларға енгізілуі мүмкін.

Ғ.Р. Смағұлдың зерттеу жұмысында кондитерлік өнеркәсіп кәсіпорындарында енгізілуі мүмкін бие сүті негізінде арнайы шоколадты өндіру бойынша технологиялық шешімдер әзірленді. Дәлелденген профилактикалық тиімділігі бар шоколадтың жасалған сұрыпталымын халықтың әртүрлі топтарына арналған диеталық және профилактикалық

тамақтану бағдарламаларында қолдануға болады. Шоколад өнімдерінің жаңа түрлеріне әзірленген нормативтік-техникалық құжаттар оларды өнеркәсіптік өндіру және тұтыну нарығына шығару үшін құқықтық негізді қамтамасыз етеді. Зерттеу нәтижелері импортты алмастыру мәселелерін шешуге ықпал ететін сүт шикізатының перспективалы, бірақ жеткіліксіз сұранысқа ие түрі – бие сүтін пайдалану арқылы кондитерлік өнеркәсіптің шикізат базасын кеңейтуге мүмкіндік береді. Функционалдық ингредиенттердің шоколад матрицасының құрамдауыштарымен өзара әрекеттесуінің белгіленген заңдылықтарын арнайы тағамдардың басқа түрлерін жасауда қолдануға болады. Зерттеу материалдары тамақ биотехнологиясы саласындағы мамандарды, нутрициологтарды, диетологтарды, тамақ өндірісінің технологтарын, сондай-ақ функционалдық және арнайы мақсаттағы өнімдерді әзірлеумен айналысатын ғылыми қызметкерлердің практикалық қызығушылығын туғызады.

С.Т. Алимованың алған ғылыми тұжырымдары Тянь-Шань таулы аймақтарындағы Frangula alnus Mill. өсімдігінің морфобиологиялық ерекшеліктері мен дәрілік қасиеттерін бағалауға мүмкіндік береді. Тянь-Шань таулы аймақтарындағы Frangula alnus Mill. өсімдігінің фитохимиялық, фармакологиялық қасиеттерін зерттеу мақсатында жүргізілген ғылыми жұмыс нәтижесінде құнды мәліметтер алынды. Алынған мәліметтер Тянь-Шань таулы аймақтарындағы Frangula alnus Mill. өсімдігінің морфологиялық және анатомиялық құрылысы туралы мәліметтерді толықтырады. Frangula alnus Mill. өсімдігінің ұсынылған диагностикалық белгілерінің тәжірбиелік маңызы зор.

Б.Т. Бердіқұловтың диссертациялық жұмысының нәтижелері кептертәрізділердің биологиясы, таралуы, ұялау экологиясы мен миграциясы туралы мәліметтерді айтарлықтай толықтырады. Аймақ үшін алғаш рет түрлі зерттеу әдістері (спутниктік трекинг, сақиналау, морфометрия) қолданылып, кеңістіктік-уақыттық динамика, ұрпақ өрбіту ерекшеліктері және әртүрлі ландшафттарға бейімделу нақтыланды. Әдістеме басқа мигрант түрлерді зерттеуге жарамды. Сирек түр *C. eversmanni*-ді бақылау негізгі миграциялық дәліздер мен маңызды дамылдау аймақтарын бөліп көрсетті. Нәтижелерді түрлер мен олардың мекендерін қорғау, табиғат қорғауды жоспарлау, экологиялық ағарту және вирустардың таралу қаупін бағалауда қолдануға болады. Қоңыр кептердің саны, ұялауы және миграциясы жөніндегі деректер ҚР Қызыл кітабының жаңартылған басылымында шығарылды. Деректер түрлерді сақтау стратегияларын, популяцияларды тұрақты басқаруды және ресурстарды ұтымды пайдалануды (эко-туризм, аңшылық шаруашылығы) негіздеуге жарамды.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертацияның мазмұнын оқып зерделеу үшін және сыни пікір беруі үшін әрбір диссертацияға ресми түрде екі рецензент тағайындалды, олардың ғылыми дәрежелері ғылым докторы немесе ғылым кандидаты, философия (PhD) докторлары болды және докоранттың зерттеу аумағындағы ғылыми мақалалары 5 (бесеуден) аз болмауы шарт екендігі ескерілді.

Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензент пен докоранттың, ғылыми кеңесшілерімен бір-біріне тәуелсіз болу принципін жетекшілікке ала отырып тағайындады.

Ресми рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша түрде пікірлерін көрсетті, онда диссертацияның ғылымның даму бағытына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестілігі, өзектілігі, жаңашылдық принциптеріне сәйкестілігі, автордың жеке үлесі, нақтылығы, ішкі бірлігі, практикалық маңызы, академиялық адалдылығы ескерілген және философия (PhD) докторы дәрежесін алу мүмкіншілігі қортындыланған. Ресми рецензенттердің берген пікірлерінің көшірмесі докоранттарға берілді және диссертацияны қорғау күні белгіленген күнге 5 (бес) жұмыс күні қалғанға дейін университеттің интернет ресурсына ілінді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

1. Докторантураға арналған білім беру бағдарламаларын жаңғырту: пәнаралық бағдарламаларды дамыту. Ғылыми зерттеу әдістемесі, академиялық жазу, зерттеу этикасы пәндерін күшейту.

2. Докторанттар мен жас зерттеушілерді қолдау теткітерін күшейту - гранттар мен стипендиялар санын арттыру. Ғылыми тағылымдамалар мен академиялық ұтқырлық бағдарламаларын кеңейту, мерзімін ұлғайту.

3. Университет, ғылым мен өндіріс байланысын нығайту мақсатында докторанттар мен жас ғалымдардың зерттеулерін нақты өндірістік немесе әлеуметтік мәселелермен байланыстыру. Ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру тетіктерін жетілдіру.

4. Халықаралық ынтымақтастықты күшейті мақсатында шетелдік жетекші ғылыми орталықтармен бірлескен бағдарламалар ашу. Докторанттарға және жас зерттеушілерге арналған қос дипломды бағдарламаларды дамыту. Докторанттар мен ғылыми жетекшілердің халықаралық ғылыми жобалар мен консорциумдарға қатысуын ынталандыру.

5. Ғылыми инфрақұрылымды дамыту мақсатында заманауи зертханалармен, цифрлық платформалармен қамтамасыз ету. Халықаралық ғылыми Scopus, Web of Science т.б дерекқорларға қолжетімділікті кеңейту, Open Science қағидаттарын енгізу.

6. Ғылыми кадрларды қолдау және ынталандыру мақсатында жарияланымдармен қатар нақты ғылыми нәтижелерді (патент, технология, өнім) есепке алу. Ғылыми жетістіктер үшін материалдық және моральдық ынталандыруды арттыру.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша қаралған диссертациялар туралы деректер:

№		Мамандық/ білім беру бағдарламалары шифры мен атауы		
		6D060700, 8D05101-Биология	6D070100, 8D05105 – Биотехнология	8D05104 – Генетика
1	Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	9	13 (3)	2
2	Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-
3	Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-
4	Қорғау нәтижелері бойынша философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру жөнінде оң шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	9	13 (3)	2

5	Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-
6	Пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-
7	Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-

Диссертациялық кеңестің төрағасы _____ А.К. Бисенбаев

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____ М.Х. Нармуратова
Мөр Мерзімі 2025 жылғы "08"қаңтар